

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»  
ММ «№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ сыйбайлас жемқорлық  
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Хромтау қаласы

2023 жылғы 2 наурыз

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны менгерушісінің 2023 жылғы 01 наурыздағы № 21 н/к бұйрығы негізінде жүргізілді.

**Талдауды жүргізу мерзімі:** 2023 жылғы 01-02 наурыз.

**Талдаудың мәні:**

- 1) Мұдделер қақтығысын реттеу;
- 2) Персоналды басқару;
- 3) Әкімшілік жұмыстар бөлімі;
- 4) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 5) Білім беру үйімдің есеп бөлімі;
- 6) Мектептің үйімдастыруышылық - басқарушылық қызметінен туындастырылу өзге де мәселелер.
- 7) Білім беру үйімдің түскен арыз-шағымдар.

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаудағы мақсат:**

- 1) Мекеменің қызметіне ықпал ететін басқарманың ішкі нормативтік құжаттарында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Мекеменің үйімдастыруышылық және басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны білім беру үйімдің құзыретіне жататын функцияларды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуға, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ өз қызметі мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Хромтау ауданының әкімдігінің бұйрықтары мен қаулыларына, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ Жарғысина, Хромтау ауданының білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

## **Талданатын нысан туралы мәлімет:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 12А үй. ««№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру кәсіпорынның негізгі міндеті болып табылады.

2023 жылдың желтоқсан-ақпан айларында 12 топта 302 бала оқытылып, тәрбиеленді. Барлық топ 12 . Оның ішінде:

Мектепалды даярлық топтар 2, тәрбиеленушілер саны -46 бала; 3-ересек топта бала саны-82; ортаңғы топтар -2, бала саны-63; кіші топтар -2 ондағы бала саны-60, ерте жас – 1 топ, бала саны – 25.

### **1. Мұдделер қақтығысын реттеу.**

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мұдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

### **2. Персоналды басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Кәсіпорынның штат саны - 70,5 қызметкерді құрайды, оның ішінде педагогтар саны 33, кіші қызметкерлер саны 37,5.

Балабақша менгерушісі: Алдрапекова Мадина Темешовна

Балабақша менгерушісі азаматтарды жеке қабылдауын «Open space» фронт-офис түріндегі кабинетінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді жою принципін ендіру түрінде жүргізеді.

«№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ 2023 жылдың желтоқсан-ақпан айлары аралығында босаған бос лауазымға <https://enbek.kz/> электронды енбек биржасына сұраныс орналастыру арқылы 1 кіші қызметкер жұмысқа қабылданды.

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚҚ 2022-2023 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген. Аталған жоспар негізінде 2022 жылдың қаңтар айында өз-өзіне қызмет көрсету бұрышын компьютермен жабдықталған. Желтоқсан-ақпан айларында төмендегі іс-шаралар өткізілді.

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ережемен таныстыру

2."Жемқорлыққа жол жоқ";

Ұжыммен өндірістік жиналыс

3."«Бала құқығын қорғай білеміз бе?»

Педагогтермен дөңгелек үстел;

4."Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" ақпараттық стендті жаңарту

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының зандарына белгіленген шектеулерді сактамауы түріндегі тәртіптік теріс қылышқа жасалмаған.

**Негіздеме:** талдау көрсеткендей, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылықта тартылу фактілері орын алған жоқ.

### **Жұмыс тобының қорытындылары:**

Кәсіпорынның персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау жөніндегі ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен педагогикалық оқуларды өткізу тәжірибесі өрі қарай жетілдірілсін.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

Талдау барысында анықталғаны: «№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МҚҚҚ бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүзеге асыру бойынша Білім және ғылым министрлігімен бекітілген 1 (бір) мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Ол:

1.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

Мемлекеттік қызмет автоматтандырылған eaktobe.kz жүйесі арқылы электронды форматта жүргізіледі.

Балабақша менгерушісінің 2023 жылғы 01 наурыздағы № 21 н/қ бұйрығымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жауапты тұлғалары бекітілген. 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларымен барлығы- 42 қызмет көрсетілген. Түсіндірме жұмысы үнемі жүргізіліп турады.

Балабақша дәлізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге арнайы стенд талаптарға сәйкес жабдықталып, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша жаңартылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары жадынама ретінде ілінген. Ұсыныстар мен шағымдар үшін арнайы дәптер ілінген. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жеке тұлғаларға көрсетілетін қызмет бойынша тіркеу журналын уақытылы жүргізілмеген анықталды.

### **Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:**

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемедегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Egov.kz веб-порталы арқылы электрондық форматта автоматтандырылған eaktobe.kz жүйесі арқылы жүргізіледі.

### **4. Білім беру ұйымының есеп болімі**

2022 жылдың шілде-тамыз айларында есеп тексерістері және қаржылық бұзушылықтар болмаған.

### **5. Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындастырылған мемлекеттік қызметтер**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» негізінде «№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МҚҚҚ- де сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында

сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобы құрылып, бұйрықпен бекітілген. (бұйрық № 27 08.04.2022ж.)

Ішкі талдау жүргізу барысында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама өзірленген және қабылданған шаралар туралы ақпараттар балабақша сайтында орналастырылған.

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МҚҚҚ психологиялық қызметінің «Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» қызметінің 2022 жылының Зайы бойынша атқарылған қызметі туралы және оған түскен шағымдар жоқ. Психологиялық кеңес беру пункті жұмыс жасайды, аталған пункт мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балаларға беріледі 3; Құрдастарымен қарым-қатынас бойынша-1; Отбасындағы жағдайлары бойынша-1; Денсаулық жағдайына байланысты-1; «Сенім телефонына» келіп түскен қоныраулар жоқ.. «Сенім телефоны» бойынша қонырау қабылдау кестесі мен оған жауапты тұлғаларды бекіту бұйрықтары шығарылған. «Сенім телефоны» - 21-1-53 туралы ақпарат ілінген.

Талдамалық анықтаманы қарастырылады. Талдамалық анықтаманы қарастырылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы кәсіпорынның сайтына /erketaichrom.edu.kz/ орналастырылады.

## 6. Білім беру ұйымына түскен арыз-шағымдар.

Білім беру ұйымында арыз-шағымдар тіркелмеген.

**Ұсыныс:** Педагог қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау жөніндегі ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларды оқыту курсынан өткізу тәжірибесі әрі қарай жетілдірілсін. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жеке тұлғаларға көрсетілетін қызмет бойынша тіркеу журналын уақытылы жүргізілуі керек.

## Жұмыс тобы

Төрағасы «№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МҚҚҚ

менгерушісі:

Алдрапекова М.Т.



Әдіскер:

Джанадилова И.А.

Психолог

Уразалина Г.А.

Тәрбиеші

Райымбаева Т.Б.

Есепші

Айткулова Д.Т.